

**ДИСЦИПЛИНА: КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**ГРУППА: ПД2А (9)**

**ДАТА: 18.03.2020**

**ВРЕМЯ: 08:30-10:00**

**ПРЕПОДАВАТЕЛЬ: СОЛТАНБЕКОВА Ш.М**

**ТЕМА УРОКА:**

**Қарым-қатынас тәсілдері.**

**Сөйлем туралы түсінік.**

## **ПЛАН УРОКА:**

- 1. Сөйлем туралы түсінік.**
- 2. Сөйлемнің мағыналық түрлері.**
- 3. Қарым-қатынас түрлері.**

# 1. Сөйлем туралы түсінік

Сөйлем дегеніміз – әр алуан сөздердің өзара тіркесіп келіп, тиянақталған ойды білдіруі. Олардың құрамы да түрлі болады. Сөйлемді жеке сөз немесе сөз тіркестері құрайды. Сөйлем болу үшін, оның грамматикалық негізі, яғни тұрлаулы мүшелері болу керек. Сөйлем құрамына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып бөлінеді. Жай сөйлемде бастауыш та, баяндауыш та біреу болып, тиянақталған бір ғана ойды білдіреді. Сөйлем интонациясына, айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем болып төртке бөлінеді.

## **2. Сөйемнің мағыналық түрлері.**

**1. Белгілі бір оқиға, құбылыс, іс-әрекет туралы хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлем хабарлы сөйлем деп аталады.**

Хабарлы сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады; 2) белгілі бір шаққа қатысты болады (өткен шақ, осы шақ, келер шақ); 3) айтушының іс-әрекетке көзқарасын, ой-пікірін білдіреді; 4) хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте көтеріліп, соңына қарай бәсеңдейді; 5) хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады.

**2. Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылған сөйлем сұраулы сөйлем деп аталады.**

Сұраулы сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылады; 2) сұрау есімдіктерінен және ма, ме, ба, бе, па, пе, ше (мы, мі, бы, бі, пы, пі, ші) сұраулық демеулік шылауларының қатысуымен жасалады; 3) сұраулы сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады: бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен аяқталады; 4) сұраулы сөйлемнен соң сұрау белгісі қойылады.

**3. Айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылған сөйлем лепті сөйлем деп аталады.**

Лепті сөйлемге тән негізгі белгілер: 1) айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылады: күйіну, таңдану, өкіну, сұқтану, сүйсіну, қорқу, қуану, қапалану, наразылық білдіргенде, т. б. 2) лепті сөйлем ерекше эмоциямен, сезіммен айтылады.

### **3. Қарым-қатынас түрлері.**



**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС** - адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс.



## Қарым-қатынастың жақтары

```
graph TD; A[Қарым-қатынастың жақтары] --> B[Коммуникативті]; A --> C[Интерактивті]; A --> D[Перцептивті]; B --- B1[-ақпарат алмасу]; B --- B2[-ақпарат беру]; B --- B3[-ақпарат тарату]; C --- C1[-ынтымақтастық]; C --- C2[-қарысылық]; C --- C3[-бұйыру]; C --- C4[-тығыз қарым-қатынас]; C --- C5[-компромисс]; D --- D1[-идентификация]; D --- D2[-эмпатия]; D --- D3[-аттракция]; D --- D4[-рефлексия];
```

### Коммуникативті

- ақпарат алмасу
- ақпарат беру
- ақпарат тарату

### Интерактивті

- ынтымақтастық
- қарысылық
- бұйыру
- тығыз қарым-қатынас
- компромисс

### Перцептивті

- идентификация
- эмпатия
- аттракция
- рефлексия

*Диалогты қарым-қатынас* – біріккен таным мен партнер арасындағы өзіндік танымды мақсат еткен бірдей құқықты субъекті өзара әрекет. Диалогты қарым – қатынастың ерекшелігі – эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу.





*Императивті қарым - қатынас – авторитарлы (әміршіл) форма, партнердің мінез – құлқын, ойын, пікірін бақылау, қатынастағы оны белгі әрекет пен шешімге күштеу мақсатымен жүзеге асырады.*



**Іскерлік қарым-қатынас** - тұлға ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл - күйі ескеріледі, бірақ ең бастысы істің орындалуы.





## *Қарым – қатынас формалары:*

- Тікелей
- Жанама
- Тұлғааралық
- Вербальды
- Вербалды емес



**Мимика** – адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқа бет - алпетінің қимылы арқылы көрінуі



**ЗАДАНИЯ ДЛЯ ЗАКРЕПЛЕНИЯ.**  
**(Выполнить письменно в тетрадях).**

- 1. Сөйлемнің мағыналық түрін қатыстырып 6 сөйлем құраңыз, яғни 2 хабарлы, 2 сұраулы, 2 лепті сөйлем.**  
**(Составьте 6 предложения. 2 повествовательных, 2 вопросительных, 2 восклицательных.)**
- 2. Жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру жолдары қандай? Өз ойыңызды, пікіріңізді дәптерге жазыңыз.**



## **ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ:**

**Қарым-қатынас типтері, формалары, стилдері тақырыбында баяндама дайындаңыз.**

(Доклад должен составлять как минимум 2 страниц А4 формате, оценивать буду по оформлению, по содержанию, по объему, а также смотрю как вы раскрыли тему).